

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



**«Жаңа қаржы үлгісі – қазақстандықтардың әл-ауқатын
арттырудың негізі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ
25 қантар 2019 ж.**

СБОРНИК ТРУДОВ
международной научно-практической конференции
**«НОВАЯ ФИНАНСОВАЯ МОДЕЛЬ КАК ФАКТОР ПОВЫШЕНИЯ
БЛАГОСОСТОЯНИЯ КАЗАХСТАНЦЕВ»
25 января 2019 г.**

PROCEEDINGS
international scientific and practical conference
**“New financial model as the kazakhstanis' wealth growth factor”
25 January 2019**

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 336.11
ББК 65.261
ГРНТИ 06.73.15

Редакционная коллегия:

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., доцент Бакирбекова А.М.
Заведующий кафедрой «Государственный аудит» к.э.н., и.о. профессора Бейсенова Л.З.
Профессор кафедры «Государственный аудит» д.э.н., профессор Сембиева Л.М.
Профессор кафедры «Государственный аудит» к.э.н., и.о. профессора Алибекова Б.А.
Доцент кафедры «Государственный аудит» к.э.н., доцент Тажикенова С.К.
Доцент кафедры «Финансы» к.э.н., доцент Жагыпарова А.О.
Зав.кафедрой «Экономических и математических дисциплин» ЕАГИ, к.э.н., доцент Тажбенова Г.Д.
Старший преподаватель «Экономических и математических дисциплин» ЕАГИ, м.э.н. Мажитова Б.Б.
Зав. кафедрой «Бухгалтерского учета, анализа и аудита в отраслях народного хозяйства» БГЭУ
(г. Минск, Республика Беларусь), д.э.н., профессор Панков Д.А.
Зав. кафедрой «Бухгалтерского учета, анализа и аудита» ГБОУВО РК «Крымский инженерно-педагогический университет» (г. Симферополь), д.э.н., профессор Абдуллаев Р.А.
Доцент кафедры «Бухгалтерского учета, анализа и аудита» ГБОУВО РК «Крымский инженерно-педагогический университет» (г. Симферополь), к.э.н., доцент Мандражи З.Р.

«Жаңа қаржы үлгісі – қазақстандықтардың әл-ауқатын арттырудың негізі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. – Астана:
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2019.

Новая финансовая модель как фактор повышения благосостояния казахстанцев:
Сб. материалов межд. науч-практ. конф. – Астана: Евразийский национальный
университет им. Л.Н. Гумилева, 2019.

Proceeding international scientific and practical conference “**New financial model as the
kazakhstanis’ wealth growth factor**” - Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National
University, 2019.

ISBN 578-601-337-111-5

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағында азаматтардың табыстылығының кепілі болатын және қазіргі әлемнің сұрауларына жауап бере алатын жаңа қаржылық моделін жасау бойынша өзекті мәселелер қарастырылған

В сборнике материалов международной научно-практической конференции рассмотрены актуальные вопросы формирования новой финансовой модели, отвечающей вызовам современного мира и обеспечивающей залог успешности государства через повышение благосостояния граждан.

Materials of the international scientific and practical conference address the current issues of a new financial model formation responding the modern world challenges and providing a key to success of the state in increasing the welfare of citizens

УДК 336.11
ББК 65.261

ISBN 578-601-337-111-5

© Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2019

© Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2019

© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2019

5. Орлова М.А. Терминология и классификация понятия неопределенность // Вестник ТГУ. – 2010. – №7 (87). – С. 43–46.
6. Самуэльсон П. Экономика: пер. с англ. В.Д. Антонова [и др.]. — М.: НПО АЛГОН, 1993. - 740 с.
7. Сафиуллина Р.Т. Неопределенность экономической среды и поведение экономических агентов: диссертация кандидата экономических наук: 08.00.01. - Йошкар-Ола: Марийс. гос. техн. ун-т., 2009. - 140 с.
8. Современный экономический словарь / Б.А. Райзберг, Л.Ш. Лозовский, Е.Б. Стародубцева. - 6-е изд., перераб. и доп. - М.: ИНФРА-М, 2017. - 512 с.
9. Ярцева Н.А. Неопределенность как феномен современной экономической среды // Известия Оренбургского государственного аграрного университета. - 2009. - №2. – С. 134-137.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА БЮДЖЕТ ҚАРАЖАТТАРЫН ШЫҒЫНДАУ ЖҮЙЕСІ

Спатаева С.Б.

1 курс докторанты

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, Астана қ.

Қазақстан Республикасы

E-mail: sbarzhaksina@mail.ru

Андапта: Мақалада Қазақстан Республикасындағы бюджет қаражаттарын шығындау жүйесінің қалыптасуы, қазіргі таңдағы жағдайы, бюджет қаражаттарын жұмсау мақсатындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің мәні мен орны, бюджет қаражаттарын нәтижелерге бағдарланған бюджеттеу негізінде жұмсау моделі туралы қарастырылған.

Аннотация: В данной статье рассматривается система расходования бюджетных средств в Республике Казахстан, история внедрения системы государственного планирования и модели бюджета ориентированного на результат, текущее состояние, роль и значение в эффективном использовании бюджетных средств.

Annotation: This article discusses the system of budget spending in the Republic of Kazakhstan, the history of the implementation of the state planning system and the model of results-based budget, the current state, the role and importance in the effective use of budget funds.

Түйінді сөздер: бюджеттеу, нәтижелерге бағдарланған бюджеттеу, мемлекеттік жоспарлау жүйесі, нысаналы индикаторлар, нәтижелі көрсеткіштер

Қазақстан Республикасында бюджеттік қаражаттарды шығындау мемлекеттік шығындардың тиімділігі мен нәтижелігін жоғарылатудың құралы болып табылатын нәтижеге бағытталған бюджеттеуге негізделген.

Бюджеттеу бұл бюджеттік үрдісті жоспарлау кезеңі шегінде қызметтің бюджетін жоспарлау мен дайындауы болып табылады. Бюджеттік қаражаттарды жұмсаудың нақты қалыптастырылған жүйесі қажет. Бұған дейін елімізде қолданылған шығындық әдісі бюджет қаражаттарын мақсатқа сәйкес пайдалануға, ал нәтижеге бағытталған бюджеттеу мемлекеттік қызметтер сапасын жоғарылатуға негізделген [1].

Шетелдерде ХХ ғасырдың 60-шы жылдарына дейін мемлекеттік қаржылық бақылау бюджеттік қаражаттардың қаржылық аудиті түрінде жүзеге асырылған. Мемлекеттік қаржылық бақылау органдары құру кезеңінде мемлекеттік қаражаттарды шығындаумен байланысты кең тапсырмалар мен міндеттемелерге ие болған, яғни сәйкес заңдар негізінде орындалған.

Мемлекеттік қаржылық бақылаудың көптеген мемлекеттік органдары мемлекеттік қаражаттарды шығындауға қатысты атқарушы және бақылау функцияларын жүзеге асырған. Олар барлық мемлекеттік шоттарды бақылау бойынша үлкен жұмыс көлемін атқарған және тексеру нәтижелерін парламентке жіберген. Біртіндеп бюджеттік үрдісте үкімет пен

мемлекеттік қаржылық бақылау арасында міндеттемелерді нақты бөлінуі жүзеге асырылды, яғни, мұнда соңғылары тәуелсіз аудиттің жоғарғы органы мәртебесіне ие болды. Үкімет мемлекеттік қаражаттар жиналуына және шығындалуына жауап берсе, аудиттің жоғары органдары осы қаражаттардың шығындалуын тексеріп, мемлекеттік бюджет орындалуының қаржылық аудитін жүзеге асырып нәтижелерін парламентке есептілік түрінде тапсырып отырды. Шетелде ХХ ғасырдың ортасына қарай аудиттің жоғарғы органдары есептіліктің аудиті мен сәйкестік аудитін қамтитын қаржылық аудитті жүргізудің үлкен практикалық тәжірибесіне ие болды [2].

Қазақстан Республикасында мемлекет бюджетін жоспарлау «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы №790 қаулысына сәйкес жүзеге асырылады [3].

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі – елдің ұзақ мерзімді (5 жылдан астам), орта мерзімді (бір жылдан 5 жылды қоса алғанға дейін) кезеңдерге арналған дамуын қамтамасыз ететін, мемлекеттік жоспарлау қағидаттарынан, құжаттарынан, процестерінен және оған қатысушылардан тұратын өзара байланысты элементтер кешенін білдіреді.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік жоспарлау жүйесі негізгі үш деңгейден тұрады. Оны сызба түрінде 1-суреттен көруге болады.



Сурет 1 - Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоспарлау жүйесі

Мемлекеттік бюджет қаражаттарын жұмсау аталған үш деңгейлі құжаттардағы анықталған нысаналы индикаторлар мен нәтижелер көрсеткіштерге жетуге негізделеді.

Бірінші деңгейдегі құжаттарда елдің ұзақ мерзімді кезеңдегі дамуын айқындайтын ұлттық Аңдапта:ді индикаторлар мен көрсеткіштер көрсетіледі.

Екінші деңгейдегі құжаттар ұлттық Аңдапта:ді индикаторлар мен көрсеткіштерге қол жеткізуге бағытталған салалар мен аялардың нысаналы индикаторлары мен даму көрсеткіштерін қамтиды.

Үшінші деңгейдегі құжаттар өңірлер дамуының, орталық мемлекеттік органдар, сондай-ақ ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер мен ұлттық компаниялар қызметінің нысаналы индикаторлары мен көрсеткіштерін қамтиды [3].

Нысаналы индикаторлар мен нәтижелер көрсеткіштеріне жету нәтижелерге бағдарланған бюджеттеу арқылы, яғни, мемлекеттік шығыстардың тиімділігін арттырудың құралы болып табылатын моделі арқылы жеткізу қазіргі таңда қолға алынған.

Нәтижелерге бағдарланған бюджеттеу мемлекеттік органдарды олардың қызметінің мақсаттары мен нәтижелеріне назар аударуға ынталандырады. Сонымен, нәтижелерге бағдарланған бюджеттеудің бастапқы нүктесі бюджет қаражатын жұмсаудың түпкілікті нәтижелерін және қойылған мақсаттарға қол жеткізу дәрежесі, яғни, игілік алушылардың көрсетілген қызметтердің сапасына қанағаттануы туралы айтуға болатын көрсеткіштерді анықтау болып табылады.

Қазақстанда нәтижелерге бағдарланған бюджеттеуді енгізу тарихын келесідей атқарылған іс шаралармен бақылауға болады:

- 2007 жылы нәтижелерге бағдарланған мемлекеттік жоспарлау жүйесін енгізу тұжырымдамасы бекітілген;

- 2008 жылы Қазақстан Республикасының жаңа Бюджеттік Кодексі қабылданды;

- 2009 жылы Қазақстан Республикасында мемлекеттік жоспарлаудың жүйесі бекітілді;

- 2013 жылы Қазақстан Республикасының жаңа бюджеттік саясатының тұжырымдамасы бекітілді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 6 маусымда «Нәтижеге бағдарланған бюджетті енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» №544 Қаулысы бекітілген. Осы құжатқа сәйкес мемлекеттік жоспарлау жүйесін жетілдіру мақсатында нәтижелерге бағдарланған бюджеттеуді енгізу іс шараларының жоспары анықталған [4]. Нәтижеге бағдарланған бюджетті енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспары 1-кестеде келтірілген.

Кесте 1 - Нәтижеге бағдарланған бюджетті енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспары

Мақсаты	Іс шаралар	Жауапты орындаушы
1.Мемлекеттік жоспарлау жүйесін жетілдіру	Орталық атқарушы органдардың нәтижеге бағдарланған мемлекеттік жоспарлау жүйесін және бюджетті енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспарларын бекітуі	Орталық атқарушы органдар
2.Бюджеттік жоспарлауды жетілдіру	Жаңа Бюджет кодексінің жобасын әзірлеу	Мүдделі мемлекеттік органдар
3.Стратегиялық жоспарлауды мемлекеттік органдар қызметінің операциялық деңгейіне көшіру жүйесін енгізу	Меморандумдарды әзірлеу және оларды бекіту	Мүдделі мемлекеттік органдар
4.Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есебі мен	ҚСҚЕХС-ны енгізу, барлық мемлекеттік мекемелерде ҚСЕСХС-ке сәйкес	ҚР Қаржы Министрлігі,

қаржылық есептілігін жетілдіру	бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жүйесін енгізу	мүдделі мемлекеттік органдар
5. Мемлекеттік органдар қызметінің мониторингі, бақылау, аудиті және бағалау жүйесін енгізу	Мемлекеттік органдардың қызметін бағалау жүйесін құру және енгізу, ішкі бақылау қызметтерін құру (нығайту)	ҚР Қаржы Министрлігі, мүдделі мемлекеттік
6. Нәтижеге бағдарланған бюджеттеуді енгізуді қолдау (әлеуетті арттыру)	Мемлекеттік органдардың мамандарын нәтижелерге бағдарланған бюджеттеудің элементтеріне оқыту, мемлекеттік қызметшілерді ынталандырудың нәтижелілік көрсеткіштерге, лауазымдық регламенттерге негізделетін жүйесін қалыптастыру және енгізу	ҚР Қаржы Министрлігі, мүдделі мемлекеттік

Қазақстандағы нәтижелерге бағдарланған бюджеттеу жүйесі біртіндеп бағыттардың баптары бойынша бюджеттеуден тікелей нәтижелерге және аз шығын жұмсай отырып нәтижелерін бюджеттеуге өтуде.

Мемлекеттік органдардың қызметі туралы мәлімет негізінен тікелей нәтижелердің сипаты және ақпарат мақсаттары үшін бюджеттік құжаттамаға енгізіледі. Әзірге мемлекеттік органдар қызметінің нәтижелері мен бюджет қаражатын орналастыру арасында нақты және жеткілікті байланыс жоқ.

Мемлекеттік органдардағы нәтижелерге бағдарланған бюджеттеу мен стратегиялық жоспарлау негізінде келесілер атқарылады:

- мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарлау;
- орташа мерзімдік бюджеттік жоспарлау;
- қызмет нәтижелеріне қол жеткізу мониторингі;
- қызмет нәтижелерін бағалау.

Бұл келесідей нәтижелерге алып келеді:

- стратегиялық, экономикалық және бюджеттік жоспарлау үйлестірілуі;
- «шығындарды басқарудан» «нәтижелерді басқаруға» өту, яғни, мемлекеттік органдар қызметінің бюджет қаражаттарын формальді игеруден нақты тікелей нәтижелерге қол жеткізуі;
- мемлекеттік қызметтер сапасының жоғарылауы;
- бюджет шығындары тиімділігінің жоғарылауы.

Нәтижелерге бағдарланған бюджеттеу бюджет шығыстарының көлемі мен құрылымын мемлекеттік саясат басымдықтарымен және оның әлеуметтік маңызы бар күтілетін және нақты нәтижелерімен байланыстырады.

Шығындық әдіс кезінде мемлекеттік органдардың жауапкершілігі қаражатты мақсатты пайдалану үшін, ал нәтижелерге бағдарланған бюджеттеу мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру үшін жүргізіледі.

Нәтижелерге бағдарланған бюджеттеу жүйесі мемлекеттік секторды басқарудың тиімділігін арттырудың жалпы мақсатын көздейді. Сонымен, нәтижелерге бағдарланған бюджеттеу нәтижесі мемлекеттің бюджет ресурстарын мемлекеттік саясаттың басым бағыттары арасында (шығыстардың бәсекелес баптары арасында) неғұрлым тиімді бөлу және оларды пайдалану тиімділігін арттыру болуға тиіс.

Қоғам үшін нәтижелерге бағдарланған бюджеттеу құндылығы Үкімет алдына қандай мақсаттарды қоятынын, халықтың қажеттіліктеріне қаншалықты жауап беретінін және Үкіметке қойылған мақсаттарға қандай дәрежеде қол жеткізе алатындығын жақсы түсінуге мүмкіндік береді.

Мемлекеттік органдардың нәтижелерге бағдарланған бюджеттеу бойынша жұмысын бағалаудың негізгі өлшемдері мемлекеттік бағдарламалардың экономикалық тиімділігі (ұсынылған қызметтер көлемінің және оларды ұсынуға арналған шығындардың арақатынасы) және әлеуметтік тиімділік (бағдарламалардың түпкі нәтижелеріне, салдарларына, әлеуметтік әсерлеріне қол жеткізу дәрежесі) болып табылады [5].

Нәтижеге бағдарланған бюджеттің айрықша ерекшелігі икемділік болып табылады, ол бағдарлама әкімшісі басқару нәтижелілігінің жүйелік мониторингінің, мемлекеттік басқаруды одан әрі жетілдіру жөніндегі шешімдер мен шараларды қабылдаудың қорытындылары бойынша, сондай-ақ көрсеткіштердің ең жақсы мәндеріне жеткен субъектілерді көтермелеу үшін жылдық қаржы жоспарын түзетуі мүмкін.

Бұдан басқа, нәтижеге бағдарланған бюджетті қалыптастыру бюджет шығыстарының ашықтығын және олардың түпкілікті нәтижелерге қол жеткізуге бағдарлануын арттыруға мүмкіндік береді. Яғни, бұл бюджет қаражатының игерілмеуіне жол бермеуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасында бюджет қаражаттарын нәтижелерге бағдарланған бюджеттеуге негіздеу арқылы жұмсау моделі қалыптасқанымен, көптеген мемлекеттік органдар толық көлемде оның мүмкіндіктерін пайдаланбауда. Сондықтан бюджет қаражаттарын жұмсауды нәтижелерге бағдарланған бюджеттеу әдістемесі қажеттілігі туындап отыр.

Әдебиеттер:

1. Бондаренко В.В., Одинцов Н.В. Концепция бюджетирования, ориентированного на результат (бор), как основа достижения сбалансированности местных бюджетов. Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. – 2016. – № 3 (часть 1) – С. 116-120
2. Саунин А. Н. Аудит эффективности использования государственных средств. Автореферат диссертации на соискание доктора экономических наук. Москва. – 2006 г.
3. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы №790 қаулысы
4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 6 маусымда «Нәтижеге бағдарланған бюджетті енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» №544 Қаулысы
5. Ильяшенко В. В. Международный опыт внедрения элементов бюджетирования, ориентированного на результат. Известия УрГЭУ. – 2012. – 5(43)

КАЗАХСТАН И США: ТОРГОВО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО

Сулейменова Г.С.

магистр истории

ТОО «Корпорация Казахмыс», г. Астана,

Республика Казахстан

E-mail: galpi.su@mail.ru